

Тексерілді: *Ажер*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезені 06 -10 наурыз айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 10.03.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Жыл құстары. «Ү» дыбысы, Шаттық шеңбері: Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар балалар. Қайырлы таң! Біздің бала бақшамыз. Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз! Жұмбақ: Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. Ол не? (қарға) Шарлап келіп даланы, Үйіме, үйін салады. Ол не? (Қарлағаш) Балалар дала құстары екіге бөлінеді. Қыстап қалатын құстар, оларға: торғай, сауысқан, қарға, кептер және т/б. Олар аязға төзімді болып келеді. Олар аштыққа шыдымайды. Жылы жаққа ұшып кететін құстарды «Жыл құстары» дейміз. Оларға: қарлығаш, ұзақ, қарға, қараторғай, ақсу және т/б. Тіл ұстарту жаттығуы Ға- ға- ға қарға Ге-ге-ге неге Ға-ға-ға талға Ге-ге-ге қонды неге ерте. «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін таныстыру. Осы ертегі мазмұнына байланысты сұрақ-жауап. Құстар туралы суреттермен танысу арқылы сөздік жұмысы. Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын ажырат" Шарты : суреттерден жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды іріктеп алу. "Қай құс ұшып кетті?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстарды ажыратуға, салыстыруға, білімдерін бекіту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	д/о: "Жыл құстарын ажырат" Шарты : суреттерден жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды іріктеп алу.	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісінің мазмұнына байланысты сұрақ-жауап.

<p>- Жақсы! Балалар, сендер ертегіні өте жақсы түсініп алыпсыңдар!</p> <p>- Балалар, осы ертегідегі үй сөзін айтқанда қандай дыбыс естіліп тұр?</p> <p>- Олай болса, балалар, біз бүгін Ү дыбысымен таныстығымызды ары қарай жалғастырамыз.</p> <p>- Қане, бәріміз Ү дыбысын хормен айтайық! Ү-ү-ү!</p> <p>- Ү дыбысынан басталатын сөздерді айтайық. Үкі, үтік, үйрек, үй, үйенкі, үш, үлкен, үркек, үйірме, үйрен, үз, үрпек, үкпе, үйір, үлгі.</p> <p>«Кім зейінді?» ойыны.</p> <p>Мақсаты: еске сақтау, ойлау және елестету элементтері дамыту.</p> <p>Ойынның шарты: әртүрлі буындардың ішінен [ү], [-ү] дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау керек.</p> <p>Қорытынды. Мадақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: ү, ү дыбысын анық, дұрыс айтып, ажырата алады. «Үйшік» ертегісінің мазмұнын түсінеді. Өз ойларын жай сөйлеммен жеткізе алады.</p>		
---	--	--

Тексерілді: *Жері*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 13-17 наурыз айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 17.03.2023ж «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Көрікті көктем. "Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Шаттық шеңбері Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. Көк аспанда күн күлсін, Ұл қолында ту жүрсін. Қыз қолында гүл жүрсін, Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. "Көктем келді" атты суретті көрсету. Көркем сөз. "Сұлу көктем" тақпағын мәнерлеп оқу. Тіл ұстарту жаттығулары. Гү- лім, кө - гім. Гү - ріл, жү - гір. Ү – Ү – Ү. Үкі үлкен үйректен. Ү – Ү – Ү. Үзілмесін үзенгі. Ү – Ү – Ү. Үштің өзі күш. "Көктем келді" суреті бойынша әңгімелесу. «Көктем» туралы бейнеролик көрсету. Сергіту сәті (қимылдар мен артикуляциялық жаттығу). Дидактикалық ойын «Сикырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері. Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. Кім тыйым сөздер біледі? Құстарды атуға болмайды. Құстардың ұясын бұзуға болмайды. Ойын: «Жақсы мен жаман»</p>	<p>Дидактикалық ойын «Сикырлы суреттер» Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері. Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.</p>	<p>Қазақ тіліне тән Ү, Ү, Ғ дыбыстарына байланысты санамақтар, тақпақтар жаттау.</p>

	<p>Шарты: жақсы қасиет болса қолдарын шапалақтайды, жаман қасиет болса тыныш отыру.</p> <p>1) Көшет отырғызу. 2) Ағаштарды сындыру. 3) Құстарға жем шашу. 4) Құстың ұясын бұзу. 5) Ағаштарға су құю. 6) Гүлдерді жұлу. 7) Құстарға ұя жасау. (Ойын ойнайды) Балалар қолдарын шапалақтайды. Шапалақтамайды</p> <p>Күтілетін нәтиже: табиғат құбылыстары жайында шағын өлең жолдарын қайталауға, анықтап айтады. Қазақ тілін түсінуге, «көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасай алады.</p>		
<p>Жұма 17.03.2023ж</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>«Ұ», «Ү» дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу)</p> <p>Шаттық шеңбері. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз!</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар. «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы». Ұ дыбысының артикуляциялық калпы.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ұ дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі. 3. Дауыс шымылдығы ашық болады. <p>Ү дыбысының артикуляциялық калпы.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықты сақтайды. 3. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі, екі жағы көтеріледі, үстіңгі азу тістерге қабысады. <p>Ұ-ұ-ұ- ұшак, құ-құ-құ- құшак, бұ-бұ-бұ-бұзау Ү-ү-ү- үкі, кү-кү-кү- күрек, жү-жү-жү-жүрек</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ал, балалар, бүгін жана әріппен таныспас бұрын, мен сендерге жұмбақтар жасырайын. Жұмбақты дұрыс шешсендер, бүгінгі өтетін дыбыстар шығады. <p>«Үйрек» десе бірінші, «Бүйрек» десе екінші, Бұл қайсы әріп екенін Біреу айтып берсінші (Ү әрпі.) Құстай ұшар, Қанатты тұлпар. (Ұшак.)</p> <p>Сергіту сәті Интербелсенді тақтадан «Үйшік» ертегісі көрсетіледі. «Үйшік» ертегісі. Ертегі суреттері бойынша талдау жасалады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ертегі не туралы айтылған? - Қалай ойлайсындар, балалар, қоянның үйі мықты ма, түлкінің үйі мықты ма? - Қоянның үйі неден жасалған, түлкінің үйі неден жасалған? 	<p>«Кім зейінді?» ойыны. Максаты. Еске сақтау, ойлау және елестету элементтері дамыту. Ойынның шарты: әртүрлі буындардың ішінен [ұ], [-ү] дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау керек.</p>	<p>Балаларды суретке карап әңгіме құрастыруға баулу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айту үшін тыныс және дыбыстық жаттығулар жасатуға кеңес беру.</p>

Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортанғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 20-24 наурыз айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 24.03.2023ж. «Балбөбек» ортанғы тобы	<p>Ұлыстың ұлы күні – Наурыз. Жылулық шеңбері. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! Наурыз мерекесі жайында әңгімелесу (диалог). Наурыз айында ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі тойланады. Ата- бабамыздың сөзімен айтсақ ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз күні барлық салт-дәстүрлер көрсетіледі. Салт-дәстүрлерге мыналар жатады: бесікке салу, тұсау кесу, ат кою, шілдехана т.б. Қазақтың ұлттық ойындарына: қыз куу, асық ату, көкпар, аударыспақ, күрес, арқан тарту т.б. Наурыз мерекесінде дастарханымыз ұлттық тағамдарға толады. Әжелеріміз жеті түрлі дәм салып наурыз көже пісіреді. Олай болса мен сендерге наурыз мерекесіне байланысты жұмбақтар жасырамын. Алға жайып тұз дәмін, Келтіреді үй сәнін. (Дастархан) Төрт бұрышты, Бір ауызды. (Сандық) Тағамдар жайында жұмбақтар жасыру. Сырты тас, Іші ас. (Жаңғақ) Үсті тас, асты тас Ортасында піскен ас. (Нан) Судан шығады, Суда корқады. (Тұз) Жеке өзін жей алмайсың, Онсыз асты да аузына алмайсың. (Тұз) Жаңылтпаш айту. Бар, май шайқа, Байқа, жай шайқа. Сергіту сәті. Қане, қане тұрайық, Киіз үйді құрайық.</p>	<p>Ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Максаты: үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.</p>	<p>Жаңылтпаш. Бар, май шайқа, Байқа, жай шайқа. "Су ішпей, ет жедім"</p>

	<p>Бір уықты қолға алып, Шаңыраққа тағайық. Оңға, солға бұрылып, Арқандарды тартайық. Қазақ халқының ұлттық биі "Қаражорға" биін билету. Жеті қазына. Ер жігіт, сұлу әйел, білім, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркіт, мылтық. Жеті ата. Әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат. Ұлттық ойындар. Алтыбақан, аударыспақ, қыз қуу, көкпар тарту, ат жарыс, теңге алу, аксүйек, тоғызқұмалақ т.б. Сүттен жасалатын тағамдар. Айран, сүт, ірімшік, құрт, қатық, шұбат, қымыз, қаймақ, май, іркіт т.б. Наурыз көже қалай жасалады? Наурыз көже жеті түрлі тамақ қосу арқылы жасалады. "Не қалай дыбыстайды?" (Артикуляциялық жаттығу). Ойын: «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Максаты: үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін артыру. Ойын: «Ханталапай» Шарты: мына үлкен асық бұл ерекше асық (сақа). Бұл хан болады. Ал кішкентай асықтар уәзірлер. Мына асықтарды ортаға шашамын. Сол асықтармен бірге ханды алған бала жеңімпаз болады. Күтілетін нәтиже: наурыз – жыл басы екенін, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуді біледі. Жұмбақтың шешуін тауып, жануарлар дыбыстарын ажырата алады.</p>		
<p>Жұма 24.03.2023ж. «Балдырған» ересек тобы</p>	<p>«Ұ», «Ү» дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) Шаттық шеңбері. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға гүл шашылды Қайырлы күн! Біз нәзік қыздармыз! Қайырлы күн! Біз ержүрек ұлдармыз! Артикуляциялық жаттығулар. «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы». Ұ дыбысының артикуляциялық қалпы. 1. Ұ дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады. 2. Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі. 3. Дауыс шымылдығы ашық болады. Ү дыбысының артикуляциялық қалпы. 1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады.</p>	<p>«Кім зейінді?» ойыны. Максаты. Еске сақтау, ойлау және елестету элементтері дамыту. Ойынның шарты: әртүрлі буындардың ішінен [ұ], [-ү] дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп,</p>	<p>Балаларды суретке карап әңгіме құрастыруға баулу. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айту үшін тыныс және дыбыстық жаттығулар жасатуға кеңес беру.</p>

<p>2. Үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықты сақтайды.</p> <p>3. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі, екі жағы көтеріледі, үстіңгі азу тістерге қабысады.</p> <p>Ұ-ұ-ұ- ұшақ, кү-кү-кү- құшақ, бұ-бұ-бұ-бұзау Ү-ү-ү- үкі, кү-кү-кү- күрек, жү-жү-жү-жүрек</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ал, балалар, бүгін жаңа әріппен таныспас бұрын, мен сендерге жұмбақтар жасырайын. Жұмбақты дұрыс шешсеңдер, бүгінгі өтетін дыбыстар шығады. «Үйрек» десе бірінші, «Бүйрек» десе екінші, Бұл қайсы әріп екенін Біреу айтып берсінші (Ү әрпі.) Құстай ұшар, Қанатты тұлпар. (Ұшақ.) <p>Сергіту сәті</p> <p>Интербелсенді тақтадан «Үйшік» ертегісі көрсетіледі. «Үйшік» ертегісі.</p> <p>Ертегі суреттері бойынша талдау жасалады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ертегі не туралы айтылған? - Қалай ойлайсындар, балалар, қоянның үйі мықты ма, түлкінің үйі мықты ма? - Қоянның үйі неден жасалған, түлкінің үйі неден жасалған? - Жақсы! Балалар, сендер ертегіні өте жақсы түсініп алыпсындар! - Балалар, осы ертегідегі үй сөзін айтқанда қандай дыбыс естіліп тұр? - Олай болса, балалар, біз бүгін Ү дыбысымен таныстығымызды ары қарай жалғастырамыз. - Қане, бәріміз Ү дыбысын хормен айтайық! Ү-ү-ү! - Ү дыбысынан басталатын сөздерді айтайық. Үкі, үтік, үйрек, үй, үйенкі, үш, үлкен, үркек, үйірме, үйрен, үз, үрпек, үкпе, үйір, үлгі. <p>«Кім зейінді?» ойыны.</p> <p>Максаты: еске сақтау, ойлау және елестету элементтері дамыту.</p> <p>Ойынның шарты: әртүрлі буындардың ішінен [ү], [-ү] дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау керек.</p> <p>Қорытынды. Мадақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: ұ, ү дыбысын анық, дұрыс айтып, ажырата алады. «Үйшік» ертегісінің мазмұнын түсінеді. Өз ойларын жай сөйлеммен жеткізе алады.</p>	<p>буынды қайталау керек</p>	
--	------------------------------	--

Тексерілді: *Жеріс*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МККК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезені 27-31 наурыз айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
<p>Жұма 31.03.2023ж.</p> <p>«Балбөбек» ортаңғы тобы</p>	<p>Отбасым менің байлығым. "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. "Отбасы портретімен танысу" ауызша жаттығу.</p> <p>Шаттық шеңберіне тұрғызу. Жақсы сөздер айтамыз, Шаршамаймыз қайта біз! Жарқырап күн де ашылды, Айналаға гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбеккор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!</p> <p>Жұмбақ: Маған да, саған да, Жақын, туыс адамдар. Бәрі де өз жұртың, Айтыңдар, олар, кім? (Отбасы) «Ғажайып сәт».</p> <p>Ойын «Кімді көріп тұрсың?» Шарты: балаларға экраннан отбасы мүшелері флипчарт - прожектор арқылы бір бірден көрсетіледі. Балалар кімді көріп тұрғандарын айтады. Келесі тапсырма «Кім не істейді?» деп аталады. Мнемотехника әдісі бойынша суретпен жұмыс.</p> <p>Санамақ. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Бас бармағым – атам Балан үйрек - әжем Ортаң терек – әкем Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен. Сұраққа жауап бергізу Отбасыңда кім бар? Неше адам бар?</p>	<p>Ойын «Кімді көріп тұрсың?» Шарты: балаларға экраннан отбасы мүшелері флипчарт - прожектор арқылы бір-бірден көрсетіледі. Балалар кімді көріп тұрғандарын айтады. Келесі тапсырма «Кім не істейді?» деп аталады. Мнемотехника әдісі бойынша суретпен жұмыс.</p>	<p>Санамақтар жаттату, отбасы туралы әңгімелесу, такпақтар жаттау.</p>

	<p>"Менің отбасым" суретті диктант. Кейіпкермен қоштасу. Күтілетін нәтиже: отбасы мүшелерін атап, олардың не істейтінін айта біледі. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін игереді.</p>		
<p>Жұма 31.03.2023ж.</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>Көктемгі табиғат құбылыстары. "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. «Қайырлы күн!» Жарқырап күн де ашылады, Айналага нұр шашылады. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! Тіл ұстарту жаттығулары. Үш - ұш - ұш. Үш - қыш. Үз-үз-үз, Суда еркін жүз. Тұз – мұздай Мұз - тұздай. Талап - тұлпар, Білім - сұңқар. Құ - лан, құ - лақ, қол - гап. Гү - лім, кө - гім. Гү - ріл, жү - гір. Ү – Ү – Ү. Үкі үлкен үйректен. Ү – Ү – Ү. Үзілмесін үзенгі. Ү – Ү – Ү. Үштің өзі күш. Үс-үс-үс. Қарлығаш - киелі құс. Үн, ұш - қыш, ұ - лу. Үт, ұр - шық, ұ - шақ Үш, Нұр - лан, ұ - сақ. Үт, Ақ - нұр, Ү - лан. Сурет көрсету «Көктем келді». Көркем сөз. "Көктем". (Б. Жақып) Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға қаштар Сергіту сәті. Табиғат құбылыстары жайындағы жұмбақтарды шешу. Дүрліктіріп қырканы , Шақпақ тастың жарқылы Бұлт көрпесін жыртады . (Найзағай) Шашылды көктем ақ моншақ , Жоғалды біздер тапқанша-ақ. (Бұршақ) Көзіңе көрінбейді , Қанғуға ерінбейді . Шалғынды жапырады , Жол бойын сыпырады. (Жел) Дидактикалық ойын Ойын: «Сөзге сөз қос» шарты: балалар екі топқа бөлініп өткізуге болады. Педагог сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды. Оқу іс – әретті жақсы тілекпен аяқтау. Әрқашан күн сөнбесін! Ауамыз әрқашан да таза болсын! Суымыз тұнық болсын! Күтілетін нәтиже: Табиғат құбылыстарын (бұлт, жел, жанбыр) біледі. Тақырыпқа сәйкес берілген жұмбақтың шешуін тауып, ойын шартын орындай алатын дағдыларды игереді. Жыл мезгілдеріне байланысты табиғат құбылыстарының өзгешеліктері туралы білімді менгереді.</p>	<p>Ойын: «Сөзге сөз қос» шарты: балалар екі топқа бөлініп өткізуге болады. Педагог сөз айтады, балалар сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.</p>	<p>Қазақ тіліне тән Ү, Ү, Ғ дыбыстарына байланысты санмақтар , таклақтар жаттау. Сюжеттік суреттер сериясын көрсету арқылы балаларға түрлі сұрақтар қойып сөздік қорын көбейту.</p>

1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады.

2. Үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықты сақтайды.

3. Тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі, екі жағы көтеріледі, үстіңгі азу тістерге қабысады.

[к] дыбысын айтқанда тіліміз артқа тартылады, ерніміз созылады, тістің арасы ашық, тілдің ұшы астыңғы тіске тиеді. - [к] - қатан дауыссыз дыбыс. Дауысымыз шықпайды. Осы дыбысты айтқанда алақанымызды тамағымызға тигізіп тұрайық. Дыбысты қайта айтайық. Дауысымыз естілді ме? Сондықтан [к] дыбысы - қатан дауыссыз дыбыс.

Тіл ұстарту жаттығулары.

Ақ – ақ – ақ – қу – қу – қу. Акку. Қар – қар – қар – га – га – га. Қарға.
 Га- га –га. Қағу үшін керек балға. Га – га – га. Ұшып келді қарға.
 Ақ – ақ – ақ. Өседі ағашта жаңғақ. Қа – қа – қа. Танертең жедім жұмыртқа.
 Қы – қы – қы. Бәйгеде озды жылқы. Ық – ық – ық. Жұмсақ екен жастық.
 Га – га – га. Қарқылдаған қарға. Ғыш – ғыш – ғыш. Ағаш сызғыш.
 Га - га - га. Атқа тақты таға. Ақ-ақ-ақ. Ұшады ұшак.
 Ақ-ақ-ақ. Менде бар тікұшак. Ық-ық-ық. Жүзеді қайық.

Сергіту сәті. «Шалғынға шықты балалар».

Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен қосылады.

Шалғынға шықты балалар, (бір орында адымдап жүру немесе колонна бойынша бірінің артынан бірі жүру) Жасыл желек айнала.

Жылқылардай шапқылар, (бір орында тұрып жүгіру) Токтай алмай жарыса.

Шалғынға шықты балалар, (бір орында адымдап жүру немесе колонна бойынша бірінің артынан бірі жүру) Жасыл желек айнала. Жылқылардай шапқылар, (бір орында тұрып жүгіру)

Токтай алмай жарыса. Шаршадық біз соншалық, (отыру, аяқты алдыға қарай созу)

Жүгіруді доғардық. Шалғынға кеп демалып, (аяқтарын тізеден өкшелеріне дейін және карама-қарсы бағытта сипалау) Қайтадан күш жинадық.

Жаңылтпаш айту.

Қыс қатты-ақ, Қоғабай қомағай ма? Қыспаққа ап. Жоқ, ағай.

Қыс тонып жүр, Қоғабай қомағай емес, Қыстап қап. Зор, ағай.

Ойын түріндегі рефлексия.

- Балалар, мен сендерге бір ән айтып беремін, сендер ненің дыбысы екенін айтып көріңдер.

- И-һо-һо, и-һо-һо, - шауып кетем алысқа, Менің дауысым таныс па?

- Бұл ненің дыбысы? Иә. Бұл жылқының дыбысы. Жарайсыңдар!

- Мө-мө-мө, мө-мө-мө, - кетіп барам көк шөпке (қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі бойынша «шөпке» сөзін, «шөп-кө» деп мәнерлеп оқиды). - Бұл ненің дыбысы? Иә. Сиырдың дыбысы. Жарайсыңдар!

- Ме-ме-ме, ме-ме-ме, маған да шөп алып кел, - Бұл ненің дыбысы? Ешкі. Дұрыс!

Жарайсыңдар!

«Дұрыс!» және т.б. сөздермен мадақтап отыру керек.